



ЕШКІМ ДЕ, ЕШ НӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

ЗАН

✉ zangazet@mail.ru

№34 (3762)
9 мамыр 2025



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ЛЕБІЗ

ЖЕҢІС – БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАҚ ЕҢБЕГІ

**ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ-
НЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ, ӘРІПТЕСТЕР
ЖӘНЕ ОҚЫРМАНДАР!**

Қазақстан Республикасының Судьялар одағының атынан баршаңызды 9 Мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жеңіс күні – адамзат тарихындағы ең ауыр әрі ең маңызды кезеңнің бірі болып саналатын Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанын білдіретін қасиетті де қастерлі мереке. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс – адамзат баласына орасан қайғы мен қасірет әкелген, миллиондаған тағдырды күл-талқан еткен сұрапыл кезең болды. Фашистік Германия бейбіт елдерге тұтқиылдан шабуыл жасап, бүкіл адамзатқа қауіп төндіріп, жарты әлемді жаулап алып, өз үстемдігін орнатпақ болды. Сол алапат заманда Қазақстан халқы өз Отанын ғана емес, күллі адамзаттың болашағын қорғау жолында күреске шықты. Бұл Жеңіс – ерлік пен елдіктің, батырлық пен бірліктің, қажырлы еңбек пен төзімнің символы. Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың жанқиярлық күресінің, қайсар мінезінің және отансүйгіштігінің нәтижесі.

Адамзат баласына үлкен қауіп төнген шақта халқымыз да шетте қалмай, Отан қорғауға белсене атсалысты. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұлы мұрат жолында жұдырықтай жұмылды. Мыңдаған азамат майданға аттанып, ерлікпен шайқаса білді. Елде қалған жұрт тылда тынымсыз еңбек етіп, майданға қажетті барлық құрал-жабдықтарды дайындап отырды. Сол кездің рухы – ынтымақ пен бірліктің, Отанға деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі болды. Бұл – тарих қойнауына енгенімен, мәңгілік жадымызда сақталатын ұлы ерлік.

Жеңіс – тек бір әскери жетістік емес, бүкіл халықтың ортақ еңбегі мен төгілген қанының, шыбын жанының өтеуі. Бүгінгі бейбіт күн – сонау ауыр жылдарда төгілген тер мен жас, жанқиярлықпен жасалған ерліктің жемісі. Ата-бабаларымыз «ұрпағым бейбіт өмір сүрсін, болашағы жарқын болсын» деп, үлкен құрбандыққа барды. Сол тарихи шындықты естен шығармау – біздің азаматтық әрі адами парызымыз.

Қазіргі ұрпақ үшін бұл күн – Отанға деген шексіз махаббаттың, ерлік пен намыстың, тәуелсіздік пен бейбітшіліктің мәнін терең ұғындыратын күн.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Отан қорғаушылар күні еліміздің бас алаңы «Қазақ елі» монументі алдында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ауқымды әскери шеру өтті. Шеруге Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, ҚР Қарулы Күштерінің үздік бөлімшелері, құрметті қарауыл роталары, ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың, әскери құқық қорғау органдарының және тағы да басқа ардагерлері шақырылды.

БІРЕГЕЙ

РУХАНИ ҰСТАЗДЫҢ БАТАСЫ – ӨМІРЛІК АЗЫҒЫМ

Аты аңызға айналған ұстаз-ғалым, заңгер, «Отан» орденінің иегері, академик Салық Зиманұлы Зиманов Ұлы Отан соғысының жауынгері ретінде 7 жыл қан майданда болған. Полк командирі дәрежесіне дейін көтеріліп, Жеңіске жетіп, елге аман-есен оралған. Жеңістің биылғы 80 жылдығы қарсаңында ұстазым туралы айтарым көп.

Бейбіт өмірде ғылымның көшбасшысы, реформаторы болып, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Ол кісінің бір қасиеті – талантты адамдарды маңайына жинай білді және олардың көпшілігіне қабілетіне қарай ғылыми жұмыстардың бағдарламасын ұсынды. Зимановтың шекпенінен шыққан атақты ғалымдар – Жабайхан Әбділдин, тарихшы Қабдеш Ыдырысов, заңгер Еркеш Нұрпейісов сынды азаматтар елдің алдында жүр. Зимановтың арқа-

1941-1945 жылдары соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасында болған жағдайларды заңсыздық деп ашық айтқан.

Қазақ тіліне “мемлекеттік тіл” статусын беруге ықпал еткен.

Егемендік туралы декларацияны жазу комиссиясын басқарған.

ҚР Ата Заңын жазуға тікелей қатысқан.

Қазақ тарихындағы заң жүйелері туралы зерттеулер жазып қалдырған.

Салық ЗИМАНҰЛЫ (1921-2011)

сында бағыт-бағдарын айқындап, өмірден өз орнын тапқан көп шәкірттің бірі менмін.

Салық Зиманов – қазақ ғалымдарының арасынан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы, профессор және Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі болған ірі тұлға. Кезінде ҰҒА-ның президенті Қаныш Сәтбаев Зимановтың дарындылығын байқап, оның заңтану саласындағы жолына батасын берген болатын. Ал С. Зиманов сол ақ батасын, аманатын өзінің айналасындағы азаматтарды, жастарды тәрбиелеу арқылы ақтады.

Халыққа және қоғамға айтары бар адам көп әңгіме айтқанша, кітап жаза білгені пайдалы қазына емес пе?! Мен де осындай ойға келіп, рухани ұстазым, заңгер ғалым Салық Зимановқа арнап көзіңіз тірісінде «Құқықтық публицистикалық ойлар» және «Ғылымдағы ғасыр абызы» деген тақырыпта екі кітап дайындадым. Ол кітапқа еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері Ә.Нұрпейісов, Т.Шарманов, К.Ормантаев, К.Сағадиев, Қ.Сұлтанов, М.Құлмұхамед және тағы басқа тұлғалардың естеліктерін алты айлап жүріп, ауыздарынан жаздырып алып, енгіздім.

(Жалғасы 2-бетте)

ПАЙЫМ

БАТЫРЛАР СЫН ҮСТІНДЕ ТАНЫЛАДЫ

Тарихта үлкенді-кішілі соғыс аз болмаған. Солардың ішіндегі ең қасіретке толысы – Екінші дүниежүзілік соғыс. Ресми ақпараттарға жүгінсек, оның зардабы әлем халқының 80 пайызға жуығына тиіп, 60 млн астам адам құрбан болған. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германияның Польшаға басып кіруі Екінші дүниежүзілік соғыстың басталған күні саналады. Кеңес Одағы 27 миллионға жуық сарбазынан айырылды.

Соғыс қазақ елін де орасан шығынға ұшыратты. Майдан даласына аттанған 1 млн 200 мың адамның тең жартысы қаза тапты. Жанқиярлықпен шайқасқан 500-ден астам қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Ал Ақтөбе облысынан майданға кеткен 122 мыңнан аса сарбаздың 36 мыңы ерлікпен қаза тапты. 35 ақтөбелік Кеңес Одағының Батыры атағын алды, тоғыз жерлесіміз «Даңқ» орденінің толық кавалері болды. Олардың қатарында аты аңызға айналған мерген Әлия Молдағұлова бар.

Тек майдан даласында ғана емес, қазақстандықтар тылда да жан аямай еңбек етіп, жеңісті жақындатуға үлес қосты. Олар жауынгерлерді азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрі, қаржымен қамтамасыз етті. Жауға қарсы атылған оққа қажетті қорғасынның оннан тоғызы біздің елде өндірілді. Буыны қатпаған баладан еңкейген қартқа дейін күндіз-түні тынбай еңбек етті. Соғыс әйел-еркек, жас-кәрі деп бөлмеді, бәріне аяусыз ауыр жүк артты. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сынды ержүрек арулар қолына қару алып ерлермен бірдей соғысты. Халық «Бәрі де жеңіс үшін» ұранымен өмір сүрді.

Бауыржан Момышұлы, Талғат Би-

гелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Сағадат Нұрмағамбетов, Нұркен Әбдіровтің аңызға айналған ерлігі тарих беттеріне алтын әріптермен жазылды. Халқымыздың хас батыры Бауыржан Момышұлы «Отан үшін отқа түс – күймейсің» дегенді айтып қана қойған жоқ, Отанды қалай қорғау керектігін әрбір ісімен көрсетті. Жас ұрпақ тәрбиесінде айрықша маңызға ие ерлік істер сан мыңдаған ата-ананың ел мен жерге деген махаббатын паш етеді.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді дана халқымыз. Мұны айтып отырғанымыз, жылдармен бірге қанша ұрпақ ауысып, ұстанымдар мен көзқарастар өзгерсе де, аға буынның жүріп өткен жолы, үлгі-өнегесі ұмытылмайды. Батырлардың ерлігі мен есімі мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Жеңіс туы желбіреп, бейбіт заманның орнағанына 80 жыл. Биыл ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің шешімімен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы – ұлтшылдыққа қарсы күрестегі бейбітшілік пен бірлік жылы» деп жарияланды. Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің құрметіне арнап «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы» мерейтойлық медалі шыға-



Нұржан АМАНТАЙҰЛЫ,
Ақтөбе облысы округінің
жеке сот орындаушысы

рылғанын да айтып өткен жөн. Қазіргі таңда Қазақстанда 83 048 ардагер болса, соның 111-і майдангер. Оларға мемлекет тарапынан сый-құрмет жоғары деңгейде көрсетілуде. Республика бойынша Жеңіс күнін жан-жақты атап өту, сондай-ақ батырлар ерлігі мен бірлігін дәріптеу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мәселен, еліміздің бас қаласы – Астанада үш кезеңнен тұратын әскери шеру өтуде. Ал ақтөбеліктер Ұлы Жеңістің 80, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған «Әлия» мюзиклінің премьерасын Тахауи Ахтанов атындағы драма театрында тамашалайды. Сонымен қатар, барша майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің құрметіне «80 алғыс сөз» челенджі жалғасуда. Бұдан да өзге тәрбиелік мәні зор шаралар жетерлік. Олардың әрқайсысы жастар санасында елжандылық сезімін қалыптастырып, ардагерлерге деген құрметті одан әрі арттыраы хақ.

ЛЕБІЗ

ЖЕҢІС – БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАҚ ЕҢБЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз тек бұл күнді еске алып қоймай, сол ерліктен үлгі алып, бүгінгі тыныш өмірдің, тұрақтылық пен бірліктің қадірін түсінуіміз қажет. Еліміздің тәуелсіздігі мен дамуы жолында атқарылып жатқан барлық игі істер соғыс жылдарындағы Ұлы Жеңістің заңды жалғасы іспетті.

Бүгінде елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықтың орнығуына сот жүйесінің қосып отырған үлесі зор. Сот жүйесі – мемлекеттіліктің берік тірегі. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау – ел дамуының басты кепілі. Сот жүйесінің әділдігі мен ашықтығы қоғамдағы сенімді арттырып, мемлекеттік институттарға деген құрметті нығайтады. Бұл – бейбіт өмірді сақтау жолындағы біздің үлесіміз.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздің түрлі салаларында жүргізіліп жатқан реформалар әділдікке, заңдылыққа, азаматтық қоғам мен демократиялық құндылықтарға негізделген. Осы жолда әрбіріміз өз саламызда кәсіби біліктілігіміз бен азаматтық ұстанымымыз арқылы ел дамуына үлес қосуымыз қажет. Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі бейбіт өмірді қадірлей білетін, тарихтан тағылым алатын, әділдік пен заңдылықты ұлықтайтын азаматтардың қолында. Халықтың әл-ауқатын арттыру, құқықтық мемлекет құру – бәрі де бейбіт өмірдің, тұрақтылық пен заңдылықтың арқасында жүзеге асатыны сөзсіз.

Құрметті Ұлы Отан соғысының

ардагерлері! Сіздерге Судьялар одағының атынан осынау бейбіт күніміз үшін шын жүректен алғысымызды айтамыз. Сіздердің майдандағы және тылдағы ерен ерліктеріңіз үшін мың алғыс! Сіздер – біздің тарихымыздың куәсізсіздер. Өмір жолдарыңыз – бүгінгі және келер ұрпақ үшін үлкен өнеге. Ұрпақтарыңыз сіздердің батырлығыңыз бен ерлігіңізге әрдайым тағзым етіп, құрметпен қарайды. Сіздерге зор денсаулық, амандық, отбасыңызға бақыт пен береке тілеймін.

Қадірлі әріптестер мен оқырмандар, 9 мамыр Жеңіс күні – баршамыздың ортақ қуанышымыз бен мақтанышымыз. Осы бір қасиетті мерекеде әр шаңыраққа тыныш өмір мен шаттық тілеймін. Ел ішінде береке, ынтымақ орнасын! Әрқайсысымыз өз саламызда әділдік пен заңдылықты сақтап, қоғамға адал қызмет етейік. Тарихтың қатпарлы кезеңдерінен тағылым ала отырып, болашағымызды жарқын етуге бірлесе үлес қосайық.

Жеңіс күні – ерлікке бас иіп, елдіктің рухын дәріптейтін ерекше күн. Ерлік пен елдіктің рухы мәңгі жасай берсін! Ұрпақтар жадында Отан үшін жанын қиған боздақтардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Әрдайым бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз баянды болсын!

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының
судьясы,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы

БІРЕГЕЙ


РУХАНИ ҰСТАЗДЫҢ БАТАСЫ – ӨМІРЛІК АЗЫҒЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал ол тұлғалардан естелік алудың өзі уақытына байланысты оңайға түскен жоқ. Қаншама күндер мен айларды, уақытымды ұстазым үшін сарп етіп, естелікті көзі тірісінде жаздырып алғаным асы күнде дән ризамын.

Бұл кітапты кезінде көп тиражбен өз қаржыма шығарып, Қазақстан аудиториясына тегін тараттым. Ал қазір осы тұлғалардың көбі бақилық болып кетіпті. Кітаптың естелік ретінде әлі сөйлеп тұрғаны қандай тамаша! Өмір өте қызық. Мен қызметті ерте бастадым. Өзімнің көркем жазуларыммен көпшіліктің көзіне ерте түскен болуым керек, сөйтіп жүріп жас кезімде оңтүстік өңіріндегі Сарыағаш аудандық сотының төрағасы, жас ғалым, журналист, жазушы ретінде танылдым. Сондай-ақ еліміз егемендік алған кезеңнен бастап құқықтық реформа туралы бағдарламаларымды ұдайы жазып отырдым. Міне, сондай ірі тақырыптың бірі – «Қылмыстық кодекс, ол қандай болуы керек?» деген кітапты 1993 жылы ұзақ жылдар бойы жазған ұсыныс мақалалардың негізінде шығардым. Менің бұл еңбегіме заңгер ғалымдар және қазақтың зиялы қауым өкілдері зер салған екен.

1994 жылы жаз айларының әдемі күндерінде Ташкентте өтіп жатқан халықаралық ғылыми конференцияға қатыстым. Осы жиында алғашқы баяндаманы аты аңызға айналған заң



ғылымдарының корифейі, сол кездегі Жоғарғы Кеңестің депутаты, заңдылық жөніндегі комитет төрағасы Салық Зиманов жасады. Ол кісі сөйлеген сәтте залда тыныштық орнады.


Қатысушылардың бәрі жас шәкірттері секілді С. Зимановтың аузынан шыққан әрбір сөзге ден қойып, тамсана тыңдап, қол шапалақтап отырды. Академиктің әрбір сөзі өте терең ойлы, құқықтық реформа туралы толғаныстарын жайып салды. Не деген энциклопедиялық білім! Шешендігі қандай! Баяндама барысында философиялық толғамдар айтып, зиялы адамның жоғары мәдениеттілігін көрсете білді, залдан қойылған бірнеше сұраққа шапшаң жауап беріп,



әр сөздерін ғылыми кітаптардың атын атап, тарауларына сілтеме жасады. Баяндама аяқталғанда залда отырған Өзбекстан Ұлттық Ғылым академиясының екі академигі – Әнуар Ағзамқоджаев пен Шафкат Уразаевтар орын-

дарынан тік тұрып, ду қол шапалақтады. Зал толы заңгерлер түрегеліп кетті. Осылайша дүйім ел Салық Зимановқа құрмет көрсетті.

Үзіліс кезінде әңгімелесіп тұрған сәтте көзі маған түсіп, қасына шақырып алды. Маған сонда айтқаны: «Алауханов, сенің орталық баспасөздегі мақалаларыңды оқып жүрмін, кейбір еңбектеріңмен таныспын. Сен туралы Әділет министрі Нағашыбай Шәйкенов жақсы пікір айтқан. «Сен өзің жас болсаң да, елге бас болып, аудандық соттың төрағасы ретінде қызмет атқарып жүр екенсің. Ауыр кезеңде екі гектар жерімен жарамсыз болып қалған үш қабатты нысанды сот ғима-



ратына айналдырып, өзің меценат ретінде ауқымды қаражатыңа күрделі жөндеу жасап, Әділет министрлігінің балансына өткізіпсің. Мұны естіген жаңа министр Н.Шәйкенов 1993 жылы 12 тамызда сол соттың базасында үлгі

ретінде республикалық семинар-кеңес ұйымдастырғанын білемін. Осындай өтпелі кезеңдегі жұмысың құптарлық іс», – деді.

Ол кісі маған: «Ертең сағат 11-де келіп, мені Сарыағаштағы кеңсенді көрсетуге алып кет, содан әрі Алматыға ұшып кетемін», – деді. Ұлы академикпен таныстығымыз осылай басталды. Ол кісінің айтуымен, тақырып ұсынуымен бірнеше ғылыми еңбек жазып шығардым. «Криминология» және «Қылмыстық құқық» оқулықтарын кең көлемде орыс және қазақ тілдерінде жаздым. Олар Санкт-Петербург, Мәскеу, Алматы қалаларының баспаларынан ерте кезеңде шықты. Ол кісінің көзі тірісінде мен туралы «Хабар» телеарнасына берген «Ғалым қандай болуы керек?» деген тақырыптағы сұхбаты да бар. Жалпы, Салық Зиманов өте талапшыл, жұмыс барысында қатаң, сесі бар азамат болатын.

Міне, соғыстың 80 жылдығы қарсаңында айтарым, ол кісінің соғыстың басынан аяғына дейін 7 жыл қатысып, қан майданда қаншама қиыншылықтар көргенін өз аузынан естігенмін. Апталап қоршауда қалғанда ашаршылықтан, судың тапшылығынан қаншама әскердің қырылғанына куә болған.

Міне, сондай текті азамат бейбіт өмірде де бүкіл саналы өмірін Қазақстанның білімі мен ғылымына арнады. Әсіресе, еліміздің егемендік туралы тұңғыш декларациясын дайындау бойынша жұмыс тобының жетекшісі ретінде және тұңғыш Конституцияның авторының бірі ретінде үлкен жұмыстар атқарды. Алғашқы леклацияны Жоғарғы Кеңестің мінбесінен 5-6 сағат бойы тік тұрып, оның әрбір тармақтарын депутаттарға түсіндіруде шаршамай талмай, жеткізе білгенін сол кездегі Жоғарғы Кеңестің депутаты, медици-

на ғылымының докторы, профессор Иманәлі Байдаулетов жыр ғып айтады.

Міне, соның нәтижесінде ҚР тұңғыш декларациясы бекітілді. Айта берсе, ол кісі туралы әңгімелер көп. Зиманов 91 жасына қараған шағында дүниеден озды. Артында қалдырған еңбектері өте мол. Ата заңдар туралы 10 томдық көлемді еңбекті де жазып қалдырды. Біз секілді шәкірттеріне артқан аманаты да есімізде. «Сен біздің еліміздің бас криминологы ретінде қалыптастың, ал саған артатын аманаттың жауапкершілігі мол» деп айтқан сөзі ұстазымның маған деген үлкен сенімі болды.

P.S. Кейде жұмыс үстеліндегі жазбаларды көріп, Салық Зимановты еске алғанда, ол кісінің ғылыми жұмыстарға жасаған сызбаларын қарап, аласа сапардан оралатындай көңіліміз алаңдап отырады. Көзі жоқ болса да, оның бізге берген бағыт-бағдары мәңгі жүрегімізде сақталыпты. Өзі оқыстан келіп: «Әй, Есберген, мынау құқықтық реформаға қатысты айтатын қандай ойың бар?» деп сұрайтындай елестейді. Ол кісінің маған сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, қатаң, талапшыл, әкелік қамқорлығы, тәрбиесі ерекше болды.

Шындығын айтқанда, мұндай өнегелі адамның жақсылығын көру – көп адамның басына қона бермейтін бақ десе болады. Сондықтан мен әр кезеңде өзімнің ұлы рухани ұстазым Салық Зимановты мақтан тұтамын! Мен де өмірімді ұстазым секілді шәкірт тәрбиелеуге арнап келемін.

Есберген АЛАУХАНОВ,
заң ғылымдарының
докторы, профессор,
Зимановтанушы,
халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының
лауреаты, Астана
қалалық Қоғамдық
кеңестің мүшесі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ салтанатты шараға елімізде мемлекеттік сапармен жүрген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы То Лам қатысты. Шеру басында сөз алған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 80 жылдығы аталып өтіп отырған Ұлы Жеңістің тарихи маңызына тоқталды. Бұл елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтау, Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым, бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға деген құрмет екенін атап көрсетті. Одан әрі Мемлекет басшысының сөзіне Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 млн 200 мыңнан астам қазақстандық аттанып, тең жартысы ерлікпен қаза тапқаны, олардың келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалғаны арқау болды. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанып, олардың ішінде Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырғаны еске алынды. Бұл сұрапыл соғыста тыл еңбеккерлерінің жанкештілік пен табандылық танытқаны белгілі.

Мемлекет басшысы оларды да еске алып, Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберіп, жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындағанын, әскери киім тіккенін тілге тиек етті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалғанын айта келіп, Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау екенін, олардың ерлігі мен

еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс екендігін жеткізді.

Мемлекет басшысы соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайтынына, қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау екеніне назар аудартты. Президенттің айтуынша, сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. «Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде заң мен тәртіпті бәрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс», – деді Президент.

Шеру Ұлы Жеңістің маңыздылығын да, біздің армияның заманауи мүмкіндіктерді игерудегі дайындығын да көрсетті. Шеруге Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметі бөлімшелерінің әскери қызметшілері жұмылдырылды. Олардың жалпы саны 4 мыңнан асып, әрбір салтанатты сап 156 әскери қызметкерден тұрды. Шеруді ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы, генерал-майор Мереке Көшекбаев басқарды.

Алаңнан 200-ден астам әскери техника жүріп өтіп, майдан, армия және әскери-көлік авиациясының 66 ұшағы мен тікұшағы ұшты. Өткен жылдармен салыстырғанда бұл екі есе көп. Олардың көбі – соңғы

жылдары қолданысқа енген әскери техниканың жаңа үлгілері. Олардың қатарында жаңартылған бронетранспортерлер, әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелері, барлау және пилотсыз соқпалы кешендер болды. Осы машиналар мен жүйелердің кейбіреулері алғаш рет көпшілікке ұсынылды. Бұл шеруді ерекше еткен Ұлы Отан соғысы сарбаздарының бейнелерін жаңғыртатын тарихи реконструкторлардың қатысуы болды. Сондай-ақ жасұландықтардың, кадеттер мен курсанттардың қатысуымен арнайы қойылым жасалды. Бұл шеруге тек әскери ғана емес, сонымен қатар эмоционалды, патриоттық әсер берді.

Шеруде авиацияға ерекше көңіл бөлінді. Авиациялық бөлім, әдеттегідей, керемет болды. Бағдарлама топтық аралықтармен, шекті үйлесімділікті қажет ететін аэробатика қайраткерлерімен дайындалыпты. Шеруге алғаш рет биыл Қазақстанның әскери-әуе күштері бөліміне келіп түскен Airbus A-400 жаңа әскери-көліктік ұшағы қатысты. Сондай-ақ Ми-17, Ми-171Ш, Ми-35 армия экипаждары және С-295, Ту-154М, Л-410 көлік ұшақтары, Су-30СМ, Су-25 истребительдері, Л-39 оқу-жауынгерлік ұшақтары Елорда көгінде қалқыды.

Бұл шеру қоғамға ата-бабаларымыздың батылдығын, ұрпақтар сабақтастығын және армияның өз елін қорғауға дайындығын еске салуымен қатар күш, тәртіп пен бірлікті көрсеткендей болды. Бірақ бәрінен бұрын біздің армиямызға және елімізге деген мақтанш сезімі оны тамашалаған әр қазақстандықтың бойын кернегені даусыз. Сонымен қатар ұрпақтар арасындағы байланыстың қаншалықты күшті екенін және тарих алдындағы жауапкершіліктің қаншалықты жоғары екенін түсіндіргені анық.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Ашық аспан астындағы жауынгерлік техника мұражайы ашылды. Салтанатты жағдайда әскери оркестрдің үнімен Қорғаныс министрінің Тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков символдық лентаны қиды. Іс-шараға Алматы өңірлік гарнизонының, Ұлттық ұланның, ҰҚК Шекара қызметі академиясының қолбасшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері, әскери жоғары оқу орындарының курсанттары және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.



АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ЖАУЫНГЕРЛІК ТЕХНИКА МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ



Шараны Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев ашты.

– Осы қару-жарақ, әскери техникамен біздің аталарымыз Мәскеу мен Ленинградты қорғады, Сталинград пен Ржев маңындағы қатал шайқастарда шайқасты. Украина мен Беларусьті, Балтық жағалауы мен Польшаны азат етті. Бұл мұражай жастарға қатал соғыс уақыты туралы көрнекі құрал болып табылады. Онда қазақстандық жауынгерлер Бауыржан Момышұлы, Сағадат Нұрмағамбетов, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар шынайы ерлік көрсетті, – деді ол.

28 панфиловшылар саябағына және Армия үйіне келушілер назарына ұсынылған Т-34, Т-44, Т-55 танктері, 1931 жылғы 230 мм гаубицалар және «Катюша» реактивті артиллериясының әйгілі БМ-13 жауынгерлік машинасы соғыс жылдарында кеңес әскерлерінің қаруланған әскери техникасын көруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, биыл Жеңістің 80 жылдығына орай Армия үйі қалпына келтірілді. Оның алдыңғы жағында жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру үрдістерін көрсететін заманауи барельеф орнатылған. Армия үйінің ғимаратында Ұлттық әскери-патриоттық орталықтың филиалы орналасқан. Ашылғаннан кейін онда балалар әскери-патриоттық клубтары жұмыс істей бастайды. Концерттік және мәрмәр залдарда, жауынгерлік даңқ мұражайында күрделі жөндеу жүргізілді. Балалардың әскери-патриоттық фильмдерін түсіру үшін үлкен заманауи кинопавильон құрылды.

– Алматы үшін Армия үйінің мәдени маңызы зор. Ғимарат сәулет ескерткіші ретінде танылды. Біз қаланың және бүкіл Қазақстанның ең қасиетті көрікті жерлерінің бірі ретінде оның таза келбетін сақтауға міндеттіміз, – деп атап өтті Қорғаныс министрінің орынбасары.

«Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін қасиетті орын – 28 гвардияшы-панфиловшы батырлар паркі. Бүгінгі оқиға өте маңызды. Осыған байланысты біздің сүйікті қаламызда тағы бір орын пайда болды. Әскери техниканың ашық мұражайын құру идеясы бұрыннан болған, игі жақсы азаматтардың күш-жігерінің арқасында біз осындай нәтижені көріп отырмыз. Жағдайға бейжай қарамайтын адамдардың бар болғаны қандай жақсы», – деді Айгүл Байқадамова.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ҚҰРМЕТ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Жеңіс күнінде Алматы облысы, Райымбек ауданы, Талас ауылында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы өтті.



Ашылу рәсіміне ауыл тұрғындары, соғыс ардагерлерінің ұрпақтары мен арнайы шақырылған қонақтар қатысып, батыр бабалар рухына тағзым етті.

Бұл ескерткіш ауыл азаматтарының бастамасымен бой көтерген. Атап айтқанда, Теміржан Құдабаев мен Бағжан Құдабаев идеяны ұсынып, жобаның жалпы басшылығын Молдоғажаяв Бекбосын Бектұрұлы атқарып отыр. Құрылыс жұмыстарын ұйымдастыруды Бағлан Нүсіпжанов жүргізсе, қаржылық есеп пен демеушілер қаражатын Мұратбеков Жарқын Тоқтасынұлы қадағалаған.

Граниттен тұрғызылған ескерткіш тарих пен тағзымның белгісіне айналмақ. Жобаға сәйкес, ескерткіш айналасына жарық орнатылып, «Мәңгілік алау» мен жұлдыз орнатылды. Жарықтандыру жұмыстарына ардагердің немересі Марғұлан Дүйсенұлы демеушілік көрсеткен.

Тыл ардагерлерінің тізімін жинақтаған Құдайбергенов Ринат Мұқанұлы. Тасқа жазуды жауапкершілігіне алған Тоқбергенов Сырым Рахатұлы.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ЕСТЕЛІК

«АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЗАБЫ
БІЗДІ ТАБЫСТЫРДЫ»

Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың аяқталғанын биыл 80 жыл тодды. Әлемге үлкен қайғы-қасірет алып келген соғыс қырықтан аса мемлекеттің аумағын қамтығаны тарихтан белгілі. Зерттеушілердің дерегі бойынша, майдан даласында 60 млн адам қаза тапқан. Міне, ел басына күн туып, етігімен су кешкен кезеңде қаһарлы қасіретті күндерде қазақ азаматтары да Отанын қорғауға айрықша үлес қосты. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майдандағы сарбаздар соңғы демі қалғанша жан аямай күрессе, тылдағы еңбек те толас тауып көрген жоқ. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға тартылуына байланысты, олардың орнын елде қалған қариялар, әйелдер мен балалар басты. Осылайша сарбаздарды азық-түлікпен, шикізатпен елде қалған әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз еткенін сол тылда еңбек еткен адамдардың айтқан ақиқатынан аңғарамыз.

Олай дейтін себебім Жеңіс күні соғыс кезінде тылда бел жазбай еңбек еткен тыл ардагерлерінің де мерекесі екені айқын. Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық және Екінші дүниежүзілік соғыстың қасіретін басынан кешірген ата-анасының оқиғасын Күлтай Сайдүалиева апамыз баяндап берді. Қазір Күлтай апамыз 87 жасқа толып отыр. Ашаршылық зобалаңынан кейін 1938 жылы дүниеге келген. «Менің әкем мен шешемді ашаршылық табыстырды» дейді кейіпкеріміз.

— Әкем Нұсқабай 1914 жылы Шоқтас ауылында Қоңырат әулетінде дүниеге келіпті. Қарапайым отбасында өскен. 1930 жылы 16 жасқа енді ғана толған Нұсқабай әкем отбасымен Қазақстандағы 1930-1933 жылдарда Кеңес өкіметінің ұжымдас-тыру саясаты мен азық-түлікті күштеп тартып алуынан туындаған жаппай ашаршылыққа байланысты қайғылы кезеңді басынан өткереді. Ашаршылық кезде жан бағу үшін бір-біріне қарауға шамалары келмейді. Қазіргі Шоқтас ауылдың болысы сол жердің тұрғындарын ертіп, Қытайға қоныс аудармақшы болыпты. Олар буынып, үйініп жолға шығады. Аты бары атпен, аты жоғы жаяу жолға шығыпты. Жолда өкіметтің солдаттары кездесіп, қоныс аудармақшы болған ауыл тұрғындарын ұстап алыпты. Қарсылық танытқанын сол жерде ауыл адамдарының көзінше атып тастапты. Әкем ағасы Әбу екеуі бірге қашады. Үлкендердің осы әрекетін байқап қалған өкіметтің солдаттары әкемнің әкесін сол жерде атып тастапты. Жалғыз қалған анасына қарай жүгірген әкемді өзінің ағайындары жібермей ұстап қалыпты. Құдай қосқан қосағынан айырылған анасы солдаттың біріне тарпа бас салып, жағасынан алып жылаған кезде, оны да атып жіберген екен. Әбу көкем мен әкемнің көз алдында ата-анасы осылай қаза тапқан. Қыр астында тығылып жатқан жігіттер өкімет әскері кеткеннен кейін қаза тапқан адамдарды жерлейді. Бірі ата-анасынан, бірі арқа сүйер бауырынан, бірі қарындасынан айырылған жігіттер бас сауғалап кете береді, — деп ашаршылық кездегі оқиғаны күңірене еске алды Күлтай апа.



Аздап демалып, терең ойға шомып үнсіз біраз отырған апамыз сөзін ары қарай жалғады. Оның сөзіне қарағанда, содыр солдаттардан қашқандар тау-тасты сағалап, шөптің тамырын талғажу етіп өлместің күнін кешіпті. Бастарына қара бұлт үйірілген жігіттердің ең кішісі менің әкем екен. Осылай тау-тасты тасалап біраз уақыт жүрсе керек. Алдарынан шыққан бір ауылға барып паналамақ ниетпен жалаң аяқ, жаяу қанша жол жүргендері өздеріне мәлім. Ауылдан ұзаққа шығып көрмеген жігіттер бас сауғалап жүре беріпті. Сөйтіп жүргенде алдарынан тағы да өкіметтің солдаттары шығыпты. Олардан қашқан жігіттер жан-жаққа тарыдай шашылыпты. Әкем сол кезде ағасынан көз жазып қалыпты. Бас сауғалап, азып-тозып бір ауылға (қазіргі Жетісай) келеді. Бұрынғы атауы Киров совхозы болатын. Сол ауылға келіп біреудің үйінің көмекшісі болып күн көріпті.

Күлтай апаның сөзіне қарағанда, өзінің атасы мен әжесін көрмегендіктен, олардың толық аты-жөндері де есінде қалмапты. Киров совхозында әркімнің үй шаруасына көмектесіп жүрген әкем сол жерде анам Айнагүлді кездестіреді.

— Анамның сөзіне қарағанда, менің нағашы атам Сарымбет бакуатты болған екен. Сол совхоздың жұ-

мысына белсене атсалысып, өкіметке қарсы шықпаған көрінеді. Бірақ егін шаруашылығымен айналысқан Киров совхозын да ашаршылықтың нәубеті айналып өтпегені анық. Ата-анасынан айырылып, тұл жетім қалған әкеме нағашы атам менің анамды қосыпты. Екеуі бір қоржын тамға бөлек шығып күн көріпті. 1938 жылы мен дүниеге келіппін. Анам үй шаруасымен үйде отырып, әкем совхозда жұмыс істейтін, — деді Күлтай апа.

Ашаршылықты басынан өткерген дархан даланың қазағы еңсесін енді көтерген кезде Екінші дүниежүзілік соғыс басталады. Соғыс басталған кезде Күлтай апа небәрі 3 жаста еді. Ал Нұсқабай ата 27 жасында соғысқа аттанады.

— Әкем бойы аласа келген кісі болатын. Ауылдың 16-17-ге толған денелі жігіттерін соғысқа алып жатты. Әкем соғысқа бару үшін өзі сұранып барыпты. Алғашқы кезде «бойың аласа, салмағың аз» деп тастап кетіпті. Елдің басына қара бұлт үйірілген кезде, жайбарақат үйде жату әрбір қазақтың намысына тиетін. Соғысқа бармаған ер адамдарға саусағын шошайтып, жауды немесе қашқынды көргендей қарайтын заман болыпты. Өзін ыңғайсыз сезінген әкем қайта-қайта комиссариатқа барып соғысқа алып кетуін талап етіпті, — деді ол.

Нұсқабай атамыз 1941 жылдың қыс айында соғысқа аттанады. Майданда жүрген кезде де полк командирі арқылы Әбу ағасын іздейді, бірақ ол туралы ешқандай мәлімет таппайды. Ол атқыштар полкінің жауынгері болады. Полк құрамында соғыста алдыңғы шепте шабуылға шығатын, кеуделерін оққа тосатын батыл солдаттардан жасақталған сарбаздар болған. «Уралап» алғашқы айқасқа кірісіп кететіндер де осылар екен. Сержант Нұсқабай бұл міндетін ерлікпен, батырлықпен, тапқырлықпен атқарады. 1941-1943 жылдар аралығында небір кескілессен ұрыстарға қатысып, қазақ жауынгерлеріне тән ерліктер жасайды. 1943 жылдың қазан айында болған қырғын шайқаста жараланған Нұсқабай ата госпитальға түседі. 1944 жылдың жаз айына дейін емделеді. Соғысқа қайта кіріскен атамыз сол жылдың күз мезгіліндегі ұрыста ауыр жарақат алып, ары қарай соғысқа жарамсыз деп танылып, еліне қайтарылады. Ауылға келгеннен кейін, Нұсқабай ата туған жері Шоқтасқа көшіп келеді.

«Біз бала боп ойнамадық»

— Ал әкем соғысқа кеткен кезде анам колхозда мені жетектеп алып, таңның атысынан, қара кешке дейін мақта, бидай, жүгері теретін. Біз



бала болып ойнамадық. Себебі елге төнген қара бұлттың зардабы бізді ерте есейтті, балалық шағымыздан айырды, — деп есіне алды Күлтай Нұсқабайқызы.

Тұлымшағы желбіреп жүгіріп жүрген қыз егіс алқабында анасының қасында жүріп кішкентай саусақтарымен мақта теретін. Сол еңбегі үшін анасы екеуіне бір нан мен бір уыс бидай берілетін. Бір нанды келесі күні нан алғанша үзіп жейді екен. 1941-1945 жылға дейін анасының қасында жүрген Күлтай соғыс алаңында жүрген солдаттардың киім-кешегіне жіберілген мақта мен бидай жинауға да қол ұшын тигізіпті.

— Әлі есімде, біздер бала болсақта, колхоздың жұмысына көмектестік. Бірақ біздің еңбегіміз есептелмейтін. Біз сонда да белі қайысып, қолы күс-қу болған аналарымызға көмектесетінбіз. Әкем жараланып елге оралғаннан кейін өзінің туған жері Шоқтас ауылына көшіп келдік. Ашаршылық кезде бір-бірінен алыстап кеткен бауыры аман болсақтауған ауылымызда кездесеміз деген екен. Ауылға келсе, басым көпшілігі бейтаныс адамдар, көз көргендер қалмаған. Әркімнен көкемді сұрастырып жүретін. Анам ол жаққа барған соң да қарап отырмады. Екеуміз жақын ауылға барып мақта теретінбіз. Әкем мен шешем таңғы намазын оқи сала мені оятатын. Бір-бір тілім нанды жеп, қалғанын түскі асқа үшеуімізге бөліп матаға орап, жұмысқа кірісетінбіз. Кешкісін шүйіркелесіп отырып қара нан мен қара су ішетінбіз. Сол кезде қара нанның өзі біз үшін тәтті еді, — деді ол.

Кейінгі ұрпақ мұндай қасіретті күндерді басынан кешірмесін

Кейіннен Нұсқабай атамыз ағасы Әбудің Мырғалымсайда тұратынын естиді. Ағасын іздеп барып, отбасын алып қалаға көшеді. Кентау қаласындағы теміржолға жұмысқа орналасады. Соғысқа жөнелтетін заттарды жүк пойызына тиеп отырады.

— Сол соғыс жылдары үстімізге таңдап киетін киім де, талғап ішетін тамақта болмады. Бала болсақта, қара жұмыстан қашпадық. Бәріміз азаттықты ғана аңсадық. Біздер Жеңіс үшін тер төгіп, Жеңіс үшін жігерлене түстік. Арқа сүйер азаматтарымыз Отанды қорғаса, біз анамыз-

бен бірге елде отырып оларға тілекші болдық. Бүгінгі бейбіт күнімізге мыңда бір шүкіршілік етуіміз керек. Лайым әрдайым елімізде тыныштық болсын! Еш уақытта соғыс болмасын. Кейінгі ұрпақ мұндай қасіретті күндерді басынан кешірмесін деп тілеймін, — деп ақ батасын берді Күлтай апа.

Нұсқабай атамыз бен Айнагүл әжеміз екі қыз, бір ұлды өсіріп, 15 немере көреді. Сол он бес немереден 42 шөбере, 13 шөпшек жылда 9 мамыр — Жеңіс күнінде соғыста ерлік көрсеткен атасын еске алып құран бағыштайды.

Соғыс аяқталып, жеңісті күндерде Нұсқабай атамыз әртүрлі медальдармен марапатталды. Майданға қатысқан майдангерлердің тізімінде аты жазулы тұрды. Соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлеріне Кеңес Үкіметі кезінде тегін азық-түлік беріліп тұрды. Ол азық-түлікті Нұсқабай атамыз бен Айнагүл апамыз да алатын. Нұсқабай ата 1983 жылы 69 жасында денсаулығына байланысты дүниеден өтті. Ал тыл ардагері Айнагүл Сарымбетқызы 2003 жылы 88 жасында өмірден озды.

Ата-анасының басынан өткен оқиғалары Күлтай Сайдүалиеваның әлі есінде. Күлтай апа Жеңіс күні қарсаңында құтықтап барғандарға аңызға айналған әңгімелерін айтып отырады.

— Әжем сол сұрапыл соғыста басынан өткен әңгімелерін айтқанда, ертегі тыңдағандай күй кешемін. Қайғылы сәттерін естігенде еріксіз көзіме жас аламын. Әжемнің әңгімесін қағазға түсіріп алуға тырысудамын. Себебі жыл сайын тыл ардагерлері де азайып барады. Әжемнің басынан өткен кешегі оқиғасы бүгінгі күннің тарихы екені ақиқат, — деді шөбересі Жансая.

Жеңісті жақындату үшін қан майданда өлім мен өмірдің ортасында жүрген майдангерлерге әр ауыл жиған-тергендерін жөнелтіп отырды. Еліміздің осындай даңқты азаматтары мен қыздарының өшпес ерлігі және батырлығы ешқашан ұмытылмайды. Уақыт зымырап алға жылжыған сайын соғыс майдангерлерінің ерлігінің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті артып, тағылымы мен мәні мейлінше тереңдей түсетіні анық. Себебі сол ғаламат соғыстан аман қалып, еліне оралмаған қаншама соғыс ардагерлерінің аттары аталмай кеткені аян. Артында іздеушісі бар майдангерлерді ғана ұрпағы еске алады. Ал соғыстағы Ұлы Жеңіс бізге миллиондаған солдаттардың төгілген қаны мен батырлығының арқасында келді. Елде қалған аналарымыз бен балалар жеңісті күнді жақындату үшін аянбай жанын салып еңбек етті.

Турасын айтқанда, Нұсқабай атамыздың, Айнагүл әжеміз бен бала болса да елге төнген қасіретті кішкентай жүрегімен сезінген Күлтай апамыздың Отанға деген сүйіспеншілігінің арқасында жеңіске жеттік. Соғысқа қатысқан ата-бабаларымыздың патриоттық сезімінің мықтылығынан және тыл ардагерлерінің табанды еңбегі, маңдай терінің арқасында, міне, бүгінгі күнде тәуелсіз мемлекетте бейбіт өмір сүріп жатырмыз.

Раушан НАРБЕК

ТҰЛҒА

Өтеген Сейітов – Қазақстан прокуратурасының тарихында есімі алтын әріппен жазылған көрнекті заңгер әрі мемлекет және қоғам қайраткері.

1923 жылы 15 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының Ақтоғай ауылында өмірге келген Өтеген Сейітов 18 жасынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының қылмыстық-сот бөлімінің хатшысы болып жұмыс жасап, 1942 жылы әскерге шақырылып, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Атқыштар взводының командирі бола жүріп, үш жыл қан майданның ортасынан табылды, үш рет жарақат алған.

Соғыстан кейін көп ұзамай прокуратура саласына жұмысқа қайта оралып, Оңтүстік Қазақстан облысының Келес және Сарыағаш аудандарында тергеуші, 1949 жылы осы облыстың прокуратурасында аға тергеуші болған. Соғыстан кейін бес жылдан соң 1953 жылы Алматы заң институтын бітірген.

Одан соң 1951-1959 жылдары Қазақ ССР прокуратурасының бөлім прокуроры, Алматы қаласы Совет ауданының прокуроры, Алматы облысының прокуроры, Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасары, 1966-1984 жылдары 18 жыл бойы Қазақ ССР Бас прокуроры болып абыройлы қызмет атқарған. 2023 жылы Ақтөбе өңірінде соғыс ардагері, генерал Өтеген Сейітовтің 100 жылдық мерейтойы белсенді түрде абыроймен аталып өтті.

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Біздің саламыздың ардагерлері, белгілі генерал ағаларымыз Өтеген Сейітовтің 100 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференцияда өздерінің естеліктерін ортаға салып, ағамыздың абыройлы, қажырлы, өте жоғары деңгейдегі үлгілі басшы болғандығын атап өткен болатын.

Қазақ ССР-ін 24 жыл басқарған, бірінші хатшысы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Менің уақытым» кітабында Өтеген Сейітұлымен бірге қызмет жасағанына тоқталып, республиканың дамуына, заңдылық пен тәртіпті нығайту жолында атқарған үлкен қызметін жоғары бағалап, жылы лебізін білдірген.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының ардагері, генерал-лейтенант, бірқатар облыстарда прокурор болған, республика Бас прокурорының бірінші орынбасары, Әділет министрі, Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы болған Оңалсын Исламұлы Жұмабеков осы пікірлермен өз ойын бөлісіп, өмірлік жолында Өтеген Сейітұлымен бірге қоян-қолтық қызмет атқарған кезеңдерді ыстық ықыласпен еске алып, ортаға салған еді.

Ардақты соғыс ардагері Өтеген Сейітұлы туралы прокуратураның бірқатар майталман ардагерлері Әсет Әділхан, Гүлжан Қарақұлова, Алла Баринаова, Ерғали Мерзацинов, Асхат Дәуылбаев, Сәттібек Оңарбаев, Қабдолла Төлегенов, Серік Темірболатов ағаларымыз бен



апаларымыз Өтеген Сейітовтің қандай басшы, ұстаз болғанын, оның адами тұлғалық қасиетін ерекше дәріптеді.

Өзімнің әкем, генерал Айтбай Сүйінбайұлы Әлібаев 1971 жылы Қызылорда облысы прокуратура органдарына қызметке келіп, 1995 жылға дейін тергеуші, аудан-қала, облыс прокуроры болған, Бас прокуратурада басқарма бастығы қызметін атқарған. Өз қызметінде және отбасының ортасында генерал Өтеген Сейітұлының абыройлы өмір жолы мен жоғары

адами қасиеттерін бізге үлгі ретінде жиі айта-тын.

1981 жылы әкем Қызылорда облысының Арал ауданында прокурор болып тұрған кезінде, отбасылық жағдайымен Шалқарға пойызбен бара жатқан Қазақ ССР прокуроры Өтеген Сейітұлы ағамызды күтіп алғанда жанында мен де болдым. Атамыздың батасын алған сол сәтті осы мен күнге дейін есімде сақтап, сонымен маркайып жүрмін. Ол мен үшін үлкен өмірлік естелік және ұрпақтар сабақтастығының жалғасуына өзіндік септігін тигізді деп есептеймін.

Қазіргі таңда өзім Ақтөбе облысы прокуратурының бірінші орынбасары қызметін атқарамын. Фимаратымыз Өтеген Сейітов көшесінде орналасқан, кіреберісте атамызға қойылған естелік тақтайша тұр, бұл да бізге мәңгі жауапкершілік.

Бүгінде Жеңістің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында қолыма қалам алып, елдің мақтанышы, ел ағасы Өтеген Сейітұлы туралы өзімнің естелігімді осы мақала арқылы жарыққа шығаруды шәкірттік парызым деп есептедім. Себебі Өтеген Сейітовтың өмірі мен қызметі қазіргі заңгерлер мен құқық қорғаушылар үшін үлгі. Өзінің әділдігімен, адалдығымен заң саласының дамуына зор үлес қосқан ардагер, генерал атамыздың есімі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қоғамда әділдік пен заңдылықтың сақталуына мәңгілік ықпал ететініне сенімім мол.

Талғат ӘЛІБАЕВ,
Ақтөбе облысы прокурорының
бірінші орынбасары

«Фашист неме көк есектен құлағыр,
Әкең келмей, біздей болып жылағыр...»
...Аман келген солдаттардың жырындай,
Сол жылдардың әңгімесі бұ да бір!

Өтежан НҰРФАЛИЕВ



киіктің отарындай қысылтаяң шақта қатын-бала қарасын болған қараша ауылдар мен қауқарсыз қарттар қалт-құлт етсе де, «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен күндіз-түні дамылсыз еңбек етті.

Біздер де сондай бір ауылда ерте бой түзедік...

Қай ауылда болмасын, қара жамылмаған шаңырақ некен-саяқ. Қанша түндік түрілмей қалып, қанша ру «тұйықталғанын» көріп отырып, жалғыздарының артында же-

дері. Қос-қостан үй алды, машина мінді. Кімнің қайда соғысқанын ітім біліп пе?! Ал өлілердің аттары тек осындай кездерде ғана аталып, Құран оқытылды. Онда да артында қол жаятын есті ұрпағы қалса. «Мен ұмытылған күні, яғни мен өлген күні, мені ұмытпайтын ұрпақ бер» деп ата-бабаларымыздың тілейтіні осындайдан екен ғой.

Сонымен, шынында да бұл «Ұлы Жеңіс» деп ұлықталып келген күннің қазақ үшін қадірі қаншалықты? «Біз соғысты көрген жоқпыз» демекші, қан-қасаптың өзін көзімізбен көрмесек те, соғыс кезіндегі ауылдарды, елдің жағдайын, қара жолға телміре жауынгерге жетім мен жесірлерді көріп өстік. Ауылдағы соғысқа жарамай қалған ақсақ-тоқсақ біргездарды жек көрсек те, шолық боп қайтқан әрбір солдатқа да бүкіл ауыл болып қуанатынбыз. Ол күні

ауылда мұғалім болатын. Жолдасым жастайынан түрлі себептермен шетіней берген он бір құрсақтан аман қалған екі баланың бірі екен. Сол екі ұлдың үлкені, жалғыз ағасы 1941 жылы соғысқа аттанған. Содан әлі оралмапты. Әлі дейтін себебім, атам байғұс «ол тірі» деп, еш күдер үзбестен, оған арнап Құран оқытудан бас тартқан. Қанша уақыт өтсе де, қолына «қара қағаз» тимегенге қуанумен болды.

Керек десеңіз, бірде «Әлде-шім бүгін қырыққа толды» деп, ұлының туған күнін тойлады. Ұмытпасам, алпыс бесінші жылдың жаз айы. Нақты қай ай екені есімде қалмапты. Маусым не шілде?.. Бірақ Құран оқытпады. «Тірі адамға Құран оқытпайды!» деп тағы да үзілді-кесілді бас тартқан! Кемпірінің кемсендеп, «ендігі сүйегі қурап қалған шығар жат жерде,

рақ. Мына ақсақ Рақыметолла аман келіп жатқанда, менің баламның оралмауы мүмкін емес» деген күйі ұлына бір рет те Құран оқытпастан, атам марқұм 1969 жылы дүниеден өтті. Содан бастап шаңырақта атаммен бірге қайын ағам да Құран оқытуды бастағанбыз. Баласынан қалған жалғыз фотокәртішкі мен барлық хатқа да сол күннен бастап мен ие болдым. Әлі күнге біреуін де жоғалтпастан сақтап келемін...

Биыл сол соғыстың біткеніне сексен жыл толады деп жатыр. Жазға жетемін бе, жоқ па – бір Жаратқан иемізге ғана мәлім. Жасым болса тоқсанға таяды. Бір күні ұйқыдан оянабай қалуым да кәдік. Келін болсам да, қазір шырақшы секілді қара шаңырақты күзетіп қалған жалғыз өзім болғасын... Қыздай аттаған құтты табалдырығым, осы үйден өсіп-өнім, ұрпақ жайдым, енді ақыл-есім түзу кезінде, көзін көрмесем де, қайын ағамның әруағы үшін 100 жасын тойлап, бір Құран оқытайын деген ниетім еді, айналайын! «Қонақ қыдырып жүреді, қызыр артынан шұбырып

енді сенің бағыңды байламаймыз» дегеніне қарағанда әжептәуір жасқа келіп қалған сыңайлы.

Негізі, бұл қызға о баста өздерінің де көңілдері түзу болған секілді. Егер Әлдештен қара қағаз келгенде, келін боп түсіп үлгермеген жеңгесін Атыкеме әперейік деп те келіскендей. Құдайдың қалауы басқаша болыпты. Он сегіз жасымда осы шаңыраққа келін боп түсіп, Атыкеммен жиырма тоғыз жыл бірге өмір сүрдік. Қырық жыл жесірі боп саналамын. Аманатын толық орындадым. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдым! Ұлдарына азаматтың айтарын айта алмасам да, келіндер мен қыздарының құлағына «елдің де, ердің де құты сендерсіндер» дегенді құйып келемін.

Кезінде орыс әскерилері ауыл-ауылды аралап жүріп әскерге адам ала берген ғой. Сол себепті он үш жасар болса да бойшаң, иықты, үлкен жігіт боп көрінген Атыкемді әжесі әскерге алып кетеді деп қорқып, күніге бір мезгіл өзі күзетіп жүріп ойнатып әкеліп, тығып тастайды екен. Сол Атыкеме әмеңгерлікпен жеңгесі емес, мына «жамандардың» көрер жарығы шығар, мен бұйырыппын, – деген апамыз:

– Енді естеріңде болсын. Бұл да әкелерің! Әкелеріңнің жалғыз ағасы. Ендігі ұрпақтары сендерсіндер! Маған қол жайып Құран бағыштаған сәтте міндетті түрде бұл кісінің де аты аталатын болсын! – деп балаларына табыстап алды да, менен ас қайыруымды сұрады.

Құран оқылып, дастарқан жиылған соң, орнымыздан тұрып кіреберіске өткенде, дәл осы сәтті күткендей қабырғаға ілінген теледидардан «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп әндеткен Нұрлан ағам шыға келді. Қанша тындап жүрсем де, бұл әнге бұрын-соңды бұлай мән беріп көрмегем бе, жоқ, әлде әлгідегі әңгіменің әсері ме, білмеймін, әйтеуір, кеудемді ғажайып бір күй кернеді. «Қайран, біздің аналар арды ойлаған!»

Сол құдірет кеше ғана күллі қазақты шұлатып, «сәлем салу деген қандай жабайылық, ужас!» деп көкіген баянсыз бейбақтың байбаламын баса түскендей.

Көзім көрмеген соғысқа лағынет айтып тұрып, бір әулеттің алты бірдей азаматынан айрылса да, Айтбайдың қара шаңырағын жықпай, аман алып қалған «қара кемпір», өз әжем Айкенженің әлдиндей болған тағы бір тіркес тіл ұшына орала берді.

«Домбырам басы
ДЫҢ-ДЫҢ...»
Соғыс болмасын!
Ел аман болсыншы...

Жарлы
БАЙҒАНИН

ҚАЙРАН, БІЗДІҢ АНАЛАР, АРДЫ ОЙЛАҒАН...

Күні кеше Астана қаласының іргесіндегі «Көктал» ауылында тоқсанға таяған кейуана Мәйдәгүл Сыздық келіні соғыстан қайтпай қалған қайнағасы Әлдеш Сыздықұлының 100-ге толуына орай құран оқытып, ас берді. Күйеу баласы Бейбітке ере келіп, өмірде көзін көрмеген қайнағасын құрметтеп ас беріп жатқан ананы сөзге тартқанымда:

– Соғыс дейсің бе?! Бұл сөзді алғаш естіген сәтте мен әлі төртке толық толмаған бүлдіршін екенмін. Тұра сол кездегі елдің көңіл-күйі туралы жарытып ештеңе айта алмаймын-ау. Бір білерім, өмір түбегейлі өзгеріп шыға келгендей. Бірақ сол соғыс бізді де ерте есейтті, – деп бастады апа әңгімесін.

– Иә, адамзат тарихында талай алапат соғыстың орын алғаны белгілі. Біз де оқыдық қой. Бірақ көлемі, зардабы жөнінен, әсіресе, қазақ үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың опаты орасан деп ойлаймын. Өйткені осы бір аты өшкір қасіреттің қазақ ауылдарында айналып өткен шаңырағы жоқтың қасы. Ұлы даланы жайлаған үлкенді-кішілі революциялармен бірге қолдан жасалған аштық пен түрлі «түртпектен» соң, онсыз да ығыры шыққан елге «соғыс» деген сор келіп жабысты!

Бұл соғыс «қазақ ұлтын кәммүнестің «балғасымен» жаншып, «орағымен» орып тастамақ болған» қан-қызыл саясатты біраз жылға кешейілдетті деп жауырды жаба тоқығанымызбен, етік киюге жарайтын еркек атаулыны түгелдей теріп майданға аттандырып, табиғи өсімді де тұралатқаны өтірік емес. Текесін қырып салған




тімек болса да ұрпақ қалғанына қуанғандар да аз емес.

Күйеуінен келген үш-бұрыш хатты жастанып ұйықтап, жылап ояңған жиырмаға толмаған жесірлердің көбісі «майданда өлген жастығын» аңсаумен қайтып тұрмыс құра алмады. «Қарғыс атқыр!» деп қанды балақ соғысты қарғамаған, лағынет айтпаған «41-жылғы келіншек те» кемде-кем болар? Ондай жеңгелер мен келіндердің талайын көрдік. Құсадан өлгендері қаншама? Соғыс ешкімге оңай тиген жоқ...

Сол уақыттан бері «Керуен кері айналғанда ақсақ түйе алдыға шығады» деген қазақтың қасіретті мақалын мен сол күйі қабылдайтыным өтірік емес. Онсыз да еңсесі езілген елдің үстінде қамшы ойнатқан шойнаңдаған шолық белсенділердің де күндері туған кез болған. Өмір деген сол ма екен, шырақ?..

Кейін сондайлар мен қашқан-пысқандардың да қаншасы «соғыс ардагерлеріне теңестірілген» деген дәрежемен шалқып өмір сүрді. Әсіресе, өзге ұлт өкіл-




кішігірім той болатын. Бірі жарын, бірі баласын сұрап, әлгі солдатты ортаға алатын. Олар нағыз батырлар еді...

Бүгінде соғыс жайлы айтыла қалса, көп қазақтың құлағына алдымен Қосшығұл мен Жексенқұлын зарыға күтүмен өмірден өткен «Қара кемпірдің зары» келері анық. Өзім де жылап отырып тындаймын әліге дейін... Көз көрмеген соң, көңілің де сендіргісі келмейді ешкім. «Балам тірі, балам менің өлген жоқ!» деп, көкірегі шерге толса да, өзін-өзі жұбатқан күйі өмірден өткен қара кемпір мен қара шалдар қаншама қазақ даласында?!

Апам асыл-тегіл сөйлеп отыр. Ойы нақты. Олай дейтін де жөні бар. Өйткені, бүгінгі әңгімеміздің батысы кейіпкері – баласының өлгеніне сенбеген күйі өмірден өткен ақсақал Сыздық туралы сыздауықты сыр. «Мыналардың пәмилесі» деп немесе атасының атын қызына айтқызып отырып әңгімесін әрі жалғастырды.

– Соғыстың аяқталғанына он жыл өткенде Алағабас ауылына келін боп түстім. Атыкем (Атығай, күйеуі) сол



болды ғой, жаны жайлансын да, Құран оқытайық» дегеніне атам кәдімгідей тызақтап кететін.

– Менің балам өлген жоқ! «Ол әлі тірі! Мен оны сеземін!» деген атамның сөзінен ешкім де асып кете алмайтын. Сөйте тұра, кемпіріне кәдімгідей ренжіп, балаша бұртандап, өкпелеп қалатын-ды, жарықтық».

Сол кездері екеуінің сөзге келіп жататындары бір түрлі, қызық көрінсе де, жан сыздатар осы бір көріністі өмір бойы ұмыта алмадым. Бірақ қазақта әйел қашан еркектің жолын кесіп еді?! Апам жылаған күйі қала беретін. Атам болса арада қанша жыл өткен соң да, «бәленше деген жерде, түгенше деген солдат аман оралыпты» деген секілді хабарды құлағы шалса болғаны, өз баласының да бүгін-ертен аман келеріне деген сенімі нығайып, қуанғаннан жүрегі жарылардай болып жүретін.

– Онымен әскерге бірге алынған, мұрнынан боғы ағып жүретін Темкен мен анау Рақыметолла – бәрі келді әскерден. Менің балам ши-



Бисекеновке қойылған ескерткіш тақтаға гүл шоғын қою рәсімін жасады.

Аудандық полиция бөлімінің ұжымы мен қонақтар соғыс ардагерлері мәңгілік тыныстаған зиратқа барып, батыр аталар рухына құран бағыштады.

Бұдан соң шара полиция

бөлімінің ғимаратында жалғасын тауып, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мейрамхан Темірханұлы Бекет Әліпқалиұлы, Ерсайын Махлиев, Берік Төлеуов, Иса Үмбетовтің келіні Райса Үмбетованы, Сұлтан Бисекеновтің ұлы Сынарбек Сұлтанұлын өз атынан Алғыс хатпен марапаттап, Меңдігүл Фазыло-

ва мен Эльмира Шарафудиноваға естелік сыйлық табыстады. Бекет Әліпқалиұлы ұжымды мерекелен құттықтап, соғыста ерліктің үлгісін паш еткен, бейбіт өмірде талапшыл, әділ, адал азамат болған ардагерлер есімін ұлықтай отырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғау, өскелең ұрпақтың бойындағы отансүйіштік қасиетті аға ұрпақтың тәлімді жолын үлгі ете отырып нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

Шарапатты шара барысында аудандық мәдениет үйінің әншісі Қуаныш Аждауов «Жалғызым қазақ», «Ағаларым» әндерін шырықп, қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

ШАРА

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Жеңіске 80 жыл толуына және Отан қорғаушылар мерекесіне орай Жәнібек аудандық полиция бөлімі ғимаратының алдында мемориалдық ескерткіш тақта ашылды. Салтанатты шара Екінші дүниежүзілік соғыста ерен еңбегімен көзге түсіп, елге оралған соң Жәнібек аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарған милиция подполковнигі Хален МАХАУОВ пен соғыс сардары, бейбіт күннің батыры Сұлтан БИСЕКЕНОВТЫҢ құрметіне арналды.

Шарада аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Мейрамхан Бапахов ішкі істер органы саласының ардагерлері мен қонақтарды, жеке құрамды атаулы мерекелен құттықтады. Жиналғандар бір минут үнсіздікпен майдангерлер рухына тағзым жасады.

Жәнібек ауданының Құрметті азаматы, құқық қорғау саласының ардагері Бекет Әліпқалиев пен аудандық полиция бөлімі ардагерлер ұйымының төрағасы, ұзақ жылдар Жәнібек аудандық ІІБ бөлім бастығының орынбасары болып абыройлы қызмет атқарған Берік Төлеуов Хален Махауов пен Сұлтан

ПАРЫЗ

Адамзат тарихындағы ең сұмдық та сұрапыл соғыстың болып өткеніне, міне, 80 жыл толғалы отыр. Ұлы Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қасық қаны қалғанша қорғаған, теңдессіз ерліктер жасаған жауынгерлер мен тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі.

үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Әкемнің 1924 жылы туған інісі Әліби де жасы 18-ге тола сала, өз еркімен майданға аттанған, соғыста танкист болған, көрсеткен ерліктері

АНА АМАНАТЫ ОРЫНДАЛДЫ



Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқияр ерліктері, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін жетіп, Ұлы Отан соғысындағы үлкен шайқастардың бәріне қатысқан.

Қазақ ел басына күн туғанда жанын қу шүберекке түйе жүріп алдыңғы шепте шайқасты, ерлік көрсетті, өмірін қиды. Бұл шайқастар алдыңғы шепте ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз қамқорлығына алып, эвакуацияланған завод пен фабрикаларда жұмыс істеп, майданға оқ-дәрі мен азық-түлікті жеткізіп тұрды.

Осы болған жойқын да сұрапыл соғыстың өрті шарпымаған қазақтың шаңырағы болмаған шығар, сірә. Осы орайда, өз жұртым, нағашы жұртым және қайын жұртым туралы

кішкене сыр шертсем артық болмас деймін.

Әкем – Мәтібайұлы Сражатдин (штабтағы орыс оның азан қойған атын дұрыс жаза алмай бір жерде «Сероджи», екінші құжатында «Чероджи», ал ең соңғы әскери билетінде «Сиразин» деп көрсетілген) 1916 жылы Ақтөбе облысының Қарауылкелді елді мекенінде (қазіргі Байғанин ауданы) дүниеге келген.

Соғыс басталған жылдары аудандық МТС-та (машина-техникалық станциясы, сол кезеңде бұл жартылай әскери құрылым болған) 3 айдай бас агроном болғандықтан, соғыстан қалуға арнайы брони болғандығына қарамастан, өз еркімен соғысқа аттанады.

Әкем Курск иінінде болған қанды соғыстарға қатысады және сол жерде ауыр жарақаттанып, Челябинск қаласындағы № 3126 эвакуациялық госпитальда бір жылдай емделіп, яғни 1944 жылы маусымында екінші рет ауыр жарақат алғанға дейін соғыста болады, соңынан әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес елге оралады.

Соғыста көрсеткен ерліктері үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдары Германияны жеңгені

үшін «Қызыл Жұлдыз», үшінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған, ол басқарған танк бірнеше рет өртеніп, ауыр жарақат алып, әскерге жарамсыз болғандықтан елге оралған.

Әкемнің анасы Сүйкім әжем екі баласы да соғысқа кетіп, солардың елге аман-есен келуін Алладан бес уақыт намазын оқыған кезінде тілейді екен. Оқыған дұғасы қабыл болған шығар, әкем мен оның інісі Әліби де соғыста ауыр жараланып, елге аман-есен оралыпты.

Соғыста ауыр жарақат алған екінші ұлы – танкист Әлібиді дәрігердің көмегімен аман-есен үйіне алып келгенде, әжем Сүйкім бесін намазын оқып жатса керек. Сол кезде, тентектеу бір қайнысы сүйінші сұрап: «Әй, Сүйкім! Тұр! Әліби балаң соғыстан аман келді, намазыңды доғар!» дегенде де намазын бұзбастан әрі қарай жалғастырған көрінеді.

Әкем мен Әліби көкем де соғыстан кейін бейбіт өмірде тынымсыз еңбек етіп, көптеген мемлекеттік марапаттауға ие болған, ел басқарған белгілі азаматтар еді. Сол Кеңес дәуірі кезінде екеуі де «Запорожец» деген мүгедектерге арналған арнайы көлікті әр бес жылда



Ыбырай қажы МӘТІБАЕВ, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының экс-судьясы, ҚР Прокуратурасының құрметті қызметкері

тегін алуға, соғыс ардагерлері ретінде жеңілдік зейнетақы алуларына толық құқықтары бола тұрса да, сол жеңілдіктерді мүлдем пайдаланған емес. Өйткені соғысқа тек біз ғана қатысқан жоқпыз, талай боздақтар қыршын кетті, ал біз аман оралдық, сондықтан соғысқа қатысқанымызды бұлдауға болмайды деп айтатын.

Анам Үрімханның туған екі ағасы – 1910 жылы туылған Дәндібай және 1916 жылы дүниеге келген Байназар нағашы аталарым да соғысқа өз еріктерімен қатысып, ерлікпен қаза тапқанымен, олардың қай жерде нақты қаза болғандары белгісіз болатын. Тек Отан соғысында қаза болғандарға арнап шығарылған «Боздақтар» деген кітапта Дәндібайдың 1944 жылы Украинада, ал Байназардың 1943 жылы Беларусь жерінде қайтыс болғандары жайлы қысқаша деректер бар.

Жүрек тербететін «Қара кемпір» әніндегідей кәрі нағашы әжем Аршын осы екі баласы соғыстан аман-келеді деумен үміттеніп, қос құлынын өлімге қимай, аңыраумен өмірден өткен болатын. Асылдың тұяғы, алтынның сынығы Дәндібай нағашы атамыздан ұрпақ қалғанымен, ал Байназар атамыздан із қалмағандықтан, анам осыны айтып, көп қиналатын, жылайтын.

Соғыста ізсіз жоғалған екі боздақтың өмірі қиылған жерді табу және анамның аманатын орындау мақсатында Мәскеу облысының Подольск қаласында жайғасқан Ресей Қорғаныс министрлігіне қарайтын – Орталық әскери мұражайға бірнеше сұрату хаттар жолдағаныммен, олардан нәтиже шықпады. Сол кездегі Ресей Қорғаныс министрі И.Ивановқа жазған бірнеше өтініштерім де орындаусыз қалды, яғни олардан бірде-бір жауап келмеді.

Үмітім үзіле бастаған сәтте Беларусь елінің Президентіне атына хат жолдап көрейінші деген ой сап ете қалмасы бар ма?! Өйткені, жоғарыда атап өткенімдей, Байназар нағашы

атамыз Беларусь жерінде болған соғыста қайтыс болғаны мәлім болатын. Сөйтіп, Беларусь елінің Президентіне менің 2007 жылдың желтоқсан айында жазған өтініш хатыма араға 29 тәулік салып, 08.01.2008 жылы сүйінші жауап хат келді.

«Министерство обороны Республики Беларусь. Витебский областной военный комиссариат. 08.01.2008 г. № 38. Матибаеву И.С. 050018. Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Герцена, д. 79. Уважаемый Ибрай Сиразинович! На Ваш запрос сообщаю, что в Городском районе Витебской области имелась деревня Комсомолец, которая входила в состав Войханского сельского Совета. На период гибели Вашего дяди Кабулбаева Байназара (07.02.1944 г.) Городокский район уже был освобожден, но на территории этого сельского совета располагались госпитали, предположительно, Ваш дядя умер от ран в одном из них. В 50-е года останки погибших из д. Комсомолец и деревень этого сельского Совета были перезахоронены на братское кладбище д. Новые Войханы (захоронено свыше 2 700 погибших). Поэтому имя Кабулбаева Байназара будет увековечено на братском кладбище д. Новые Войханы. С уважением, военный комиссар Витебского областного военного комиссариата, полковник В.А. Селезнев», – деп жазылған сол хатта.

Осылайша, соғыста шейіт болған миллиондаған боздақтардың бірінің мәңгілік тынысы таусылған орны анықталып, оның басына өшпейтін белгі қойылды.

Сүйінші хабар қолға тиген соң, ағайын, туған-туысқандарды, нағашы жұртымды шақырып, соғыста ізсіз кеткен Байназар нағашы атамның жерленген жері анықталғанына, жоғалғанымыздың табылғанына арнап құдайы тамақ бердік. Оған және соғыста шейіт болған барлық боздақтарға арнап дұға бағыштадық. Алматы қаласында орналасқан жетім балалар үйіне қой сойып апарып бердік. Шарифат бойынша Отан үшін күресіп, қасық қанын қиған адам шейіт болса, оның жаны Жәннатта болатыны әлмисақтан белгілі жәйт.

Солардың қатарында жұбайым Халиманың әкесі Темірғалиев Сапарбай да бар. Ол кісі соғысқа офицер шенінде қатысып, көптеген ерлік жасап, «Қызыл Жұлдыз» ордені мен медальдарға ие болған соғыс және еңбек ардагері болса, ал сол кісінің немере інісі Иният Наурызбаев – Қарақалпақ елінен шыққан 11 Кеңес Одағы Батырының арасындағы алты батыр қазақтың бірегейі.

Отан соғысындағы жауынгерлердің ерлігі мен тылдағы еңбекшілердің ерен еңбектері ешқашан да ұмытылмауы тиіс! Бүгінгі біздің азаматтық міндетіміз – аға ұрпақтың ерліктерін үлгі ретінде айта отырып, болашақ ұрпақты елінің, жерінің адал патриоттары етіп тәрбиелеу.

ІЛТИПАТ



АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

ҚР Жоғарғы Соты Судьялар одағының филиалы Ұлы Отан соғысы жылдарында өмірге келген сот жүйесінің ардагерлерін құттықтады.

Олардың қатарында ҚР Жоғарғы Сотының бұрынғы төрағасы Тамас Айтмұхамбетов, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьялары: Қуаныш Баталов, Валерий Булович, Сансызбек Райымбаев пен Тиышты Тоғымбетова бар.

Ардагерлерге еліміздің сот жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін зор құрмет пен алғыс белгісі ретінде Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің атынан ведомстволық наградалар, сондай-ақ Судьялар одағының «Үш би» және «Жеті жарғы» құрметті төсбелгілері табыс етілді.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

АЙМАҚ

«ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС»

Жетісу облысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай архив мәліметтері бойынша кітап шығарылды.



«Жетісу өңірінен Ұлы Отан соғысындағы майдан даласына 120 мыңнан астам адам аттанып, оның 47 мыңы ұрыс далаларында мәңгілікке көз жұмды. Жетісулық 38 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, 5-еуі Даңқ орденінің толық иегері, 58-і II, III дәрежелі Даңқ орденінің иегері атанды. Осы және басқа да құнды деректер Жетісу-

да облыс әкімдігінің қолдауымен Жеңістің 80 жылдығына орай жарық көрген «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты кітапта кеңінен жазылып көрсетілген. Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тыл еңбеккерлерімен, құқық қорғау және әскери органдар қызметкерлерімен кездесу жиынында осы жинақтың тұсауы кесілді», – деп хабарлайды Жетісу

облысы әкімінің баспасөз қызметі. Жаңа жинақ Талдықорғандағы Салтанат сарайында өткен кездесу барысында таныстырылды.

Облыстық мемлекеттік архив құрастырған жинақ 5 бөлімнен тұрады.

– Архив – қашанда құнды құжаттар қазынасы. Ол жай сақталып қана қоймай, ұрпақтың өз тарихы мен тұлғаларын тануына қызмет етуі тиіс. Сондықтан Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Отан соғысы кезеңінің шежіресін шертетін, жеңісті жақындатқан жаужүрек батырлар жайлы жинақ дайындауды жөн көрдік. Архив материалдары 6 ай бойы жинақталды. Бұл жұмысқа облыстық архив қызметкерлері түгелге дерлік тартылды. Жинақты архив құжаттарына, жауынгерлердің хаттарына, соғысты өз көзімен көрген майдангерлердің естеліктеріне сүйене отырып құрастырдық. Бұл еңбекті болашақ ұрпақтар да оқып, пайдаланады деп ойламын, – дейді Жетісу облысының мемлекеттік архивінің директоры Гүлжихан Истамбекова.

Атап өтсек, кітап бір мың данамен жарық көрді, алдағы уақытта өңірдің барлық кітапханалары мен архивтеріне таратылады деп жоспарланып отыр.

С.ӘЙТЕНОВА

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАҢА КІТАП



Отан қорғаушылар күніне және Жеңістің 80 жылдығына орай қазақ және орыс тілдерінде «Мен – халқым-

«МЕН – ХАЛҚЫМНЫҢ БАУЫРЖАНЫМЫН»

ның Бауыржанымын» деп аталатын жаңа кітап жарық көрді. Жоба – батырдың есімін ұлықтау мақсатында біріккен «Central Asia Production» баспа үйінің редакторлары мен дизайнерлерінің, зерттеушілер мен меценаттардың бірлескен жұмысының жемісі.

«Бауыржан Момышұлы туралы естелік – ел тарихының бір бөлігі ғана емес, өскелең ұрпақ үшін адамгершілік бағдары. Бұл Ұлы адамның өмірбаяны ғана емес, ол ұрпақтар сабақтастығының, ар-намыстың, батылдықтың және Отанға қызмет етудің құндылығын еске салады», – дейді кітаптың жарық көруі-

не қолдау көрсеткен «KAZ Minerals Management» ЖШС басқарма төрағасы Эльдар Мамедов.

Кітапта Бауыржан Момышұлының Көлбастау ауылындағы балалық шағынан бастап, соғыстағы ерлігі мен бейбіт замандағы қоғамдық және әдеби қызметі туралы көпшілік біле бермейтін ақпараттар жинақталған. Олардың ішінде архивтік материалдар, Б. Момышұлының шығармаларынан үзінділер, замандастарының естеліктері және бірегей фотосуреттер бар.

Биыл есімі аңызға айналған даңқты қолбасшы, жазушы, батыр Бауыржан Момышұлы-

ның туғанына 115 жыл толады. Ол 1910 жылы 24 желтоқсанда өмірге келіп, 1982 жылы 10 маусымда Алматыда көз жұмған болатын. Бауыржан Момышұлы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде дивизия басқарған екі қазақтың бірі. Екіншісі – Әбілқайыр Баймолдин. Бауыржан Момышұлы 1932-34 және 1936-55 жылдары армияда қызмет етті. «Қызыл ту», «Отан соғысы», «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл ту» «Қызыл жұлдыз» секілді көптеген орден-медальмен мен Кеңес Одағының Батыры атағымен марапатталған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САЙЛАУ

Алматы облысының Ұйғыр ауданында 4 мамыр күні тұрғындар Ават, Кетпен, Қалжат, Тиірмен және Шарын ауылдық округтерінің әкімдерін сайлады. Онда «Amanat»-тан өзге саяси партиялар бір де бір үміткер ұсынған жоқ. Тек Ават ауылдық округінде тіркелген 3 кандидат да өзін-өзі ұсынған болатын. Онда сайлаушылар тізіміне енген 1612 азаматтың 962-сі дауыс беруге қатысқан. 1969 жылы туған жеке кәсіпкер Кадыров Гожахмет Нурдунұлы көпшілік дауыспен (615) әкім болып сайланды.

Саяси партия сенім білдірген 1964 жылы туған Шарын ауылдық округінің әкімі Алгазиев Болат Акимканович пен 1965 жылы туған Тиірмен ауылдық округінің әкімі Насыров Миршад Мирзағулович өз орнын сақтап қалды. Шарында 3716

ТҮРҒЫНДАР ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

сайлаушының дауыс беруге қатысқан 2690-ның 2195-і Болат Әлімханұлының жұмысына көңілі толатынын көрсетті. Тиірменде сайлаушылар тізіміне енген 1563 азаматтың 1289-ы дауыс беруге қатысқан. Олардың 1111-і Миршад Мирзагүлұлын алдағы уақытта да әкімдік қызметін жалғастыруына сенім білдірді.

Ұйғыр ауданында бұл сайлауда Кетпен мен Қалжат ауылдық округтерінде де «Amanat» ұсынған үміткерлер жеңіске жетіп, жергілікті билік органдың басшысы атанды. Атап айтқанда, Кетпен ауылдық округінде сайлаушылар тізіміне енгізілген 1794 азаматтың 1523-і дауыс беруге қатысты. Мұнда 1973 жылы туған «Прима Құс» ЖШС-нің қауіпсіздік қызметінің қызметкері, Шонжы ауылының тұрғыны Үмбетжанов Марат Нұрах-

метұлына 1228 адам дауыс берген. Қалжат ауылдық округіндегі 1483 сайлаушының 1252 дауыс беруге қатысып, оның 891-і Қалжат орта мектебі директорының оқу ісі бойынша орынбасары Баратов Дилшат Гожабдуллаұлына сенім білдірді. 15-і бюллетеньдегі үміткерлердің ешқайсысын әкім болуға лайықты емес деп санап, «Барлығына қарсы» деп белгілеген.

Алматы облысы Ұйғыр ауданында бұған дейін 6 сәуірде Бахар ауылдық округінің әкімі сайланған еді. Енді 15 маусымда Үлкен Ақсу ауылдық округі тұрғындары үміткерлерге өз дауысын беретін болады.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

3. «JUNIORS 2025» ЖШС (БСН 250140003701) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Халықтар достығы көшесі, 22-ғимарат, тел. 87027666990.

5. «Бейбарс 2020» ЖШС (БСН 210240030041) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Бөген ауылдық округі, Шалдар ауылы, Б.Бақтыяров көшесі, 8-үй.

6. «DAMIR&GROUP2016» ЖШС (БСН 170940029053) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Отырар ауданы, Талапты ауылдық округі, Шытты ауылы, Достық көшесі, 15-үй.

9. «Caspian Rotor Service» ЖШС (БСН 221240039644) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Өтешқали Атамбаев көшесі, 37-ғимарат, тел. 87018849759.

ӘРТҮРЛІ

10. «Qargy-Invest» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 06 мамыр 2025 жылы Серіктестіктің қатысушысы Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі - дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2024 жылғы 21 қазан. Шығарылған облигациялар саны – 190 000 (бір жүз тоқсан мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 190 000 000 (бір жүз тоқсан миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электронды поштасына: sfkqargyinvest@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

13. «F Link (ЭФ Линк)» ЖШС (БСН 230640038065) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 259.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

– Сен менің айтқаныма көнесің, Сара! Әйтпесе, бәрін ақымақ күйеуіңе айтып беремін! Сенің кіммен жүретініңді, бөтен еркекпен азаматтық некеде тұрып жатқаныңды, қандай істермен айналысатыныңды – бәрін жайып саламын, – деді айғайға басып.

Сара бірнеше секунд үнсіз қалды. Оның көздері мазасыздық пен қорқынышты сездіріп тұрғандай. Күйеуінің дойыр мінезін білетін Сараның бойын діріл басты. Соңғы уақытта Жасұланның орынсыз әрекеттері мен қоқан-лоққылары Сараны шектен тыс шаршатып жіберді. Әсіресе, Жасұланның жыныстық қатынас туралы ұсынысы одан сайын тығырыққа тірей берді.

– Күйеуің шығады жақында. Қалай қарсы аласың, ойладың ба? Әлде қолғапша ауыстыратын көп еркектеріңді тізімдеуге көмектессем бе екен, а? Маратқа Әлім туралы әдемілеп айтып берем бе деп те тұрмын.

Сара үнсіз қалды. Шарасыз қалған ол бір сәтке Жасұланның билігінде толық қалғандай сезінді. Өзінің айтқанынан шыға алмайтынын білген Жасұлан темекісін тұтатып, Сараға қарай жақындап:

– Сара, сен неге бұлай қашқақтай бересің? Ұсынысымды жерге тастамағаның өзіңе жақсы. Оның үстіне күйеуің шыққалы жатыр, ол сенің осылай жүргеніңді білсе, бір оқпен ата салады, – деді шылымын сүйсіне сорып жатып.

«Бәрібір сен үшін күйеуің де, мына жаңа жігітің де ештеңе істей алмайды. Саған керек нәрсе – менімен дұрыс қарым-қатынаста болу» деп арасында масаттанып қояды.

Бұл көріністі бақылап тұрған Әлім бойындағы ашуын әрең тежеп тұрды. Сараның қыпша белінен ұстай бергенде қызғаныштың қызыл иті ішін тырналап өткен ол сыртқа атып шықты. Осы кезде шарасыз қалған сүйіктісін мазақ етіп тұрған Жасұланды жерге алып ұрып, бетінен оңды-солды соққылай бастады. Талай уақыттан бергі қызғаныш пен күдіктен туған ашу-ызаны қалай шығарарын білмей жүрген Әлімнің уысынан көшеде кетіп бара жатқан бейтаныс адамдар Жасұланды әрең босатып алды.

Жанжалдың соңы жақсылық әкелмесін Сара жақсы түсініп тұр. Тіпті бойын бұрынғыдан ары қорқыныш билеген. Алайда арқа сүйер Әлімнің өзін кез келген бәле-жаладан қорғауға даяр екеніне анық көзін жеткізді. Үйге келген кезде ғана бағанадан бері естіген қорлық сөздері құлақ түбінен қайта естіліп, көз жасын тыя алмай:

– Мен бәрін тастап кеткім келеді, Әлім. Бірақ ол менен айырылмас... Жасұлан айтып отырғандай, Марат мені ешқашан оңайлықпен жібермейді. Оның үстіне достары да бар, – деді жыларман болып.

– Әлгі оңбағанның айтпағаны жоқ. Көптен бері сенің артыңнан аңдатынын біліп жүрдім. Басқа қалада жаңа өмір бастайықшы, жаным. Мен сенімен бірге кетемін, не болса да бәріне дайынмын, – деді құшағына қатты түсіп.

Келесі күні екеуі қаладан қашудың жоспарын құрды. Олар ескі таныстардың көмегімен басқа қалаға, мүмкіндігінше тыныш әрі қауіпсіз аймаққа көшуді ғана ойлаған. Алайда бұл жоспарды жүзеге асыру оңай болмайтынын екеуі де іштей жақсы түсінетін.

* * *

Жасұлан ақыры дегеніне жетіп, түрмедегі Маратқа бүкіл шындықты айтып салды. Бұл хабарды естіген Мараттың жүзі түнеріп кетті. Жасұланға ләм-мим деместен, те-



СОҢҒЫ АЙҒАҚ

лефонның тұтқасын тастай салды. Дереву Сараға қоңырау шалған ол әй-шайға қарамастан айғайға басты. «Қаншық, бәсе, қаржыны қайдан тауып келеді десем, арыңды сатып жүр екенсің ғой. Арам жолмен тапқан ақшаңнан әкелуді доғарып кеттің. Сөйтсем, сыртымнан тұрмысқа шығып алдым де. Ертең түрмеге келмейтін болсаң, лас денеңді бөлшектеп, етіңді қаңғыбас иттерге тастатқызамын», – деді Марат.

Күйеуінің айтқан сөзінде тұратынын білетін ол не істерін білмей, бұрынғыдан бетер бойын үрей биледі. Айтқанға көнбесе, өзімен бірге Әлімнің де ажалына себепші боларын түсінген Сара келесі күні қашу жоспарынан бас тартты.

Бұл жағдайды білген Әлім сүйіктісін түрмедегі күйеуіне жібергісі келмеді:

– Сара, түрмеге барма! Марат сені осылай қорқытып өзіне бағындыра алмайды. Біз басқа амал табамыз, бірақ сен оның айтқанын істеуге міндетті емессің, – деп оны сабырға шақыруға тырысты.

Бірақ Сара басқа амалдың жоқ екенін айтып бой бермеді:

– Әлім, сен түсінбейсің. Мен Маратты жақсы білем. Оның айтқанын орындамасам, аман қалмаспын. Мен сені де осы қауіптен алыстатқым келеді. Сондықтан кетуіңді өтінемін, – деді.

Әлім оған көмектескісі келгенімен, Сара жалынып тұрып, үйінен кетуін талап етті. Ал өзі осы кездесуден кейін аман қаларын не аман қалмасын білмесе де, түрмеге баруға шешім қабылдады.

Жасұлан өткен жолғы жеген жұдырықтың есебін беруді әлі ұмыта қоймаған. Оның үстіне Сараға айтқанын істете алмағаны да жанын жегідей жеп жүр. Сондықтан Сара мен Әлімде қалған кегін алу жоспарын қайта ойластыра бастады. Өзіне үлесін бермеген Сараны жазалай салса, бұрынғы досы Мараттың сенімінен қайта шығу ол үшін ендігі мақсатқа айналды. Енді тек Сараға емес, жанындағы Әлімге де зиян тигізуді ойлады. Ол бұл мақсатқа жету үшін Маратпен байланысқа шығу керек деп шешті.

Марат досы мен өз жоспарының бір жерден шыққанына дән риза. Тіпті олар алдағы қылмыстарының ізін жасырып, өзге біреудің мойнына аса салуды да алдын ала ойластыра бастаған. Мараттың айтуымен алдыңғы кезекте Сараның жиені іздегенге сұраған еді. Себебі тұрақты жұмысы жоқ, бұзық жиені Алмас полицияның бұрыннан есебінде тұр. Ол болмаса, Сарамен қоқыс үшін үнемі сөзге келіспей қала беретін есірткіге тәуелді тағы бір көршісінің психологиялық ауытқуы барын көршілері де растап береді ғой. Ертеңгі күні өз үйінен өлі табыла қалса, түрмедегі күйеуінен емес, Сараның қасында жүрген адамдар күдікке ілінері анық. Бұл күдікті өсек аңдудан қолы тимейтін көрші Зағира да растап берер еді. Ол үйден кірген-шыққан адамның артын аңдып жүретін. Оның негізгі жұмысы да сол, Сараға қандай жаңа еркек келіп-кетіп жүргенін жұртқа жаюға асық. Енді бір көршісі жаңа босаңған Әлимаш. Қысқасы, айналадағының барлығы Сараның жүріс-тұрысын аңдып жүретін. Құдды бұл жұртқа одан басқа әңгіме жоқ.

Сол күні кешке Сара түрмеге бару үшін дайындалып жатқан. Бар батылын бойына жиған ол Мараттың қорқытуларынан шаршағанымен, осы мәселені түпкілікті шешіп, өзінің де, жақындарының да қауіпсіздігін сақтағысы келді. Осы сәтте оның үйіне қарызға ақша сұрау үшін жиені келіп, үйдің іші у-шу болып жатты. Сара оған көмектесуден бас тартып, түрмеге барып келген соң қарайласуға уәде бергенімен, ашуға булыққан Алмас есікті аяғымен бір теуіп, сыртқа шығып кетті. Үйден әлденеге ашуланып алқын-жұлқын кетіп бара жатқан Алмас көрші Зағираға сәл болмағанда соғылып қала жаздады.

Кешкі апақ-сапақта көршісінің үйіне келіп-кетіп жүргендерді терезе саңылауынан сығалап тұрған Зағира сол күні көрші үйдің сыртында бір емес, бірнеше адамның қарасын байқады. Бірақ көршінің үйіндегі келімді-кетімді қонақтардың аяғы бұдан кейін де жалғасты. Ол уақытта көшедегі бейнебақылаудың орнын алмастырған Зағира да тәтті

ұйқыда нешінші түсін көріп жатқаны белгісіз.

* * *

Таңғы сағат сегізде 102 нөмірі шырылдап қоя берді. Үш санның өзін теру Әлім үшін қиямет-қайым болды. Қол-аяғы еркінен тыс дірілге бой алдырып, әрең дегенде телефон соққан ол полицияға азаматтық некедегі әйелін әлдебіреулер аяусыз өлтіріп кеткенін айтып өкіріп жылап қоя берді. Тіпті онсыз өмірінің мәні қалмағанын айтып, марқұм Сараның өзін шақырып жатқанын жеткізді. Телефонның арғы бетіндегілер оны сабырға шақырып, өз-өзіне қол салу ойынан арылтудың амалын жасады. Мынандай сұмдық өлімді естіген көрші-қолаң да естен танғандай еді. Ауладағы қылт еткен қимыл, жалт еткен жарықты қалт жібермейтін Зағираны да тәтті ұйқысын басқалар секілді Сараның үйіне келген жедел жәрдем мен полиция көлігінің дауысы оятып жіберді. Таңғы асын ішпестен сыртқа ұмтылған ол көршінің үйіндегі жайсыз хабарды бұл жолы өзгелерден естіп, жағасын ұстады. Кеше түнде Сара кісі қолынан қаза тапқан. Оның өмірін қиған қаскүнемді жиналған жұрт «жүрексіз» десті. Себебі қылмыскер әйелдің жанды жерінен бірнеше пышақ жарақатын салып, аяусыз өлтірген.

Оқиға орнына келген криминалистер қылмыскердің бірде бір айғақ қалдырмай кеткеніне таң қалысты. Жедел іздестіру тобының қолындағы бейнебақылау камерасына да үйге келген-кеткендердің бет-жүзі анық түспеген. Алайда марқұмның өліміне қатысты күдік тудырған бірнеше белгілерді байқады. Осының алдында ғана қаладағы бірнеше қылмыстың мотиві осыған ұқсас. Біріншіден, оның денесіне салынған пышақ жарақаттары көптеген жерде қайталанған. Екіншіден, қылмыскер оның тек физикалық емес, эмоционалдық жанды жеріне де тиіп, қатыгездікпен өлтірген. Бірақ нақты айғақтың жоқтығы тығырыққа тіреді. Сараның үйіне оқиға болған күні кірген адамдардың нақты есебін алу мүмкін болма-

ды. Сондықтан тергеушілер тобының басшысы, полковник Арыстанов марқұммен жақын қарым-қатынас орнатқан адамдардың тізімін жасап, олар туралы мәлімет жинауға тапсырма берді.

Сараның әріптестері мен көршілерінің айтуынша, жиені Алмас марқұмнан үнемі қарызға ақша алып жүрген. Есірткіге тәуелді көршісінің күз бен көктемде психологиялық ауруы күрт арта бастайды. Түрмедегі күйеуі Марат Сараны бақылауында ұстап, өзінің түрмеге тоғытылғанына кінәлау арқылы ақша бопсалайтын. Бұл тізімде Мараттың бостандыққа шыққан досы Жасұлан да бар. Оның ашықтан-ашық марқұмның үйіне келіп қоқан-лоқы жасап жүргенін көршілерінің де бірнеше рет көргені бар. Әлімді де Арыстанов бұл тізімнің ең соңына қоюға мәжбүр болды. Иә, азаматтық некедегі әйелінің жансыз денесін ең алғаш болып көргенімен, күдіктілердің қатарынан біржола сызып тастай алмады. Сол үшін ол тізімдегілердің бәрін біртіндеп тергеуге шақырды.

Әлім болса, күн сайын қайғыға батып, өзін кінәлап жүр. Көрші-қолаң да марқұмның қазасы үшін жаны

күйзеліп жүрген оған барынша қолдау білдіріп бақты. Бірақ мұның өзі Әлімнің толық кінәсіз екенін дәлелдей алмайтын. Өйткені марқұмның әріптестері де, көршілері де Әлім мен Сараның арасындағы қарым-қатынасқа сызат түскенін растап берген. Сол үшін бірінші болып Арыстановтың алдында марқұмның жансыз денесін алдымен көрген Әлім отыр. Әншейінде үстінен тау құлап жатса да сабырлық таныта білетін Әлім бұл жолы біресе көз жасына ерік беріп, бірде бәленің бір ұшы түрмедегі Марат пен досы Жасұланнан келгенін айтып безек қақты. Сәл тыныштықтан кейін:

– Сара екеуіміздің арамыздағы ұрыс-керіс жиі болып кеткені рас. Бірақ мен оған қол көтермек түгілі, оның жанын жаралайтын бір ауыз сөз айтуға да жүрегім дауаламады. Мен ол үшін жанымды беруге дайын едім, – деп тағы да көз жасына ерік беріп, еңкілдеп жылады.

Тергеушілер бұл қылмысқа Жасұланның да қатысы барын ескерді. Ол да Сараның өліміне еш қатысы жоқ екенін айтып, кінәсін мойындамады. Бірақ оның түрмедегі Маратпен әлі де байланыста болғаны анықталды. Одан бөлек, қанды қылмыс болған күні Жасұланның марқұмның үйіне бірнеше рет келіп кеткені тіркелген болатын. Тергеушілер үшін бұл дерек өте маңызды болды. Себебі Жасұланның да өз мақсаттары болғанын, Сараға қатысты кек алу ниеті о бастан күдік тудырған. Екеуінен кейін есепте тұрған жиені мен есірткіге тәуелді көршісі, түрмедегі заңды күйеуімен де Арыстанов жеке-жеке кездесті.

Бұл қылмыстың түбіне жету үшін күдіктілердің бір-біріне қарама-қарсы айтқан дәлелдемелеріне назар аударды. Марқұмның соңғы кездердегі өміріне тереңірек үңіліп, әрқайсысының рөлін анықтау қажет еді.

Полковник Арыстанов бұл істің әдеттегі қылмыстардан ерекше екенін бірден түсінді. Марқұмға қарсы жасалған қылмыста ашу-ыза мен өшпенділік анық көрініп тұрды. Бірақ мұндай қатыгездікпен өлтіруді бір ғана адам емес, қастық ойлаған бірнеше адамның жасауы мүмкін деген ой да болды.

Жадыра МҮСІЛІМ
(Жалғасы бар)